

74.21973

X-63

А 2009  
16617к

**Н. Д. Хмель**

**Біртұтас педагогикалық процесті**

**жүзеге асырудың теориясы**

**мен технологиясы**


**Оқу құралы**

**PrintS**  
ИЗДАТЕЛЬСТВО

*Н. Д. Хмель*

**БІРТҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ПРОЦЕСТІ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Оқу құралы*



**PrintS**  
ИЗДАТЕЛЬСТВО  
Алматы  
2005

37.012

**ББК 74.00**

**X 63**

*Оқу құралын жоғары оқу орындары студенттеріне  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі өткізген  
оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі конкурс  
комиссиясының “Білім” мамандығы бойынша тобы ұсынады.*

*Рецензенттер:*

**К. Ж. Қожақметова**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Ш. Т. Таубаева**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

**Хмель Н. Д.**

**X 63**

Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 140 б.


**ISBN 9965-482-18-7**

Педагогикалық процесс “ұстаздар – оқушылар” жүйесі жағдайының өзгеруі деп саналады. Құралда негізгі ұғымдар жүйелі түрде қарастырылған, мазмұны ашылып көрсетілген. Ұстаз негізгі теориялық қағидаларды қолдана отырып, біртұтас педагогикалық процеске қатысушылардың өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығы арқылы мақсат пен нәтиженің, теория мен тәжірибенің тұтастығына жете, отырып, ал ол әрбір процестің технологиясының мәнін құрайды, БПП (біртұтас педагогикалық процесс) табысты түрде жүзеге асырады. Ұстаз өзінің кәсіби іс-әрекетінің объектісін жүйелі көргенде, біртұтас педагогикалық процестің мәнін түсінгенде репродуктивтік көзқарас жағдайынан шыға алады және оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра алатын болады. Осы мақсаттарға мазмұнның қисыны және студенттерге арналған тапсырмалар жүйесі бағынған.

Оқу құралы оқытушыларға, мұғалімдерге, студенттерге, аспиранттар мен магистранттарға арналған.

X 4303000000  
00 (05)–05

КТ



**ББК 74.00**

**ISBN 9965-482-18-7**

© Хмель Н. Д., 2005

## Алғы сөз

Жеке қасиеттерінің дамуымен және еңбек рыногында талап етушілікпен байланыстағы қазіргі кезеңдегі мектеп бітірушілеріне қойылған талаптар – мұғалімнің кәсіпкерлік деңгейінің өсуіне қойылған қоғамның талаптарын да шиеленістіреді. Бүгінгі күні маман (профессионал) – ол өзінің іс-әрекет саласында жеткілікті білікті адам, сонымен қатар практикалық іс-әрекетте жоғары тиімді нәтижелерге жету үшін теориялық білімдерді қолдануға тиянақты дайындалған. Осыдан педагогикалық технологияларға деген мұғалімдердің қызығушылықтары туады.

Оқу құралдың мақсаты – әр түрлі мамандықтағы университет бітірушілерді қандай да болмасын оқу орындары типтерімен байланысу мүмкін педагогикалық іс-әрекетке дайындау, ол бұл үшін біртұтас педагогикалық процестің қызметін ұйымдастырудың түрлерін меңгерулері керек. Жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың технологиясын меңгеру – кәсіби іс-әрекет объектісі туралы теорияны меңгеруден бастап нақтылы жағдайда осы нысананы объективті құрастыру, әдістемесін қалыптастыру қозғалысымен тығыз байланысты. Бұл кәсіби іс-әрекет субъектісіне сондай дайындықтың деңгейін береді. Онда теориялық біліммен қажетті практикалық әрекет біртұтас жүйе ретінде көрінеді, ал ол өз тарапынан іс жүзінде мақсат пен нәтиженің бірігуіне әкеледі, яғни кәсіби іс-әрекеттің модельдеу деңгейін қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орындарының немесе мектеп ұстаздарына, мектептен тыс орталықтардың балалар және жастармен жұмыс істеу барысында уақытты дұрыс пайдаланып, денсаулықты сақтай отырып, творчестволық және өзінің кәсіби іс-әрекетінде жетістіктерге қол жеткізу туралы ойлану керек, оның жұмыс істеуінің уақыты келді.

Ұстаздарды дайындаудың технологиялығы – кәсіби іс-әрекетке белгілі бір дайындықтың деңгейі деген сөз. Ал бұл біртұтас педагогикалық процесс өмір сүруінің міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Тек қана осы жағдайда ғана ұстаздың творчестволық іс-әрекеті жүйелі болады. Міне сондықтан да осы оқу құралда материалдар мынадай үш модульдер түрінде ұсылынып отыр.

а) біртұтас педагогикалық процесс теорияның және оның технологиясының негізгі қағидаларына сипаттама;

ә) педагогикалық технологиялар ұстаздың іс-әрекетінде;

б) ұстаздың іс - әрекеті даму үстіндегі творчество ретінде.

Модульдердің әрқайсысы өзінің сабақ циклдерімен көрсетілген теорияны оқудан бастап оны практика жүзінде қолдану және тұтас іс-әрекет объектісінің ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар арқылы ұстазға тән кәсіби мәнді қасиеттерді қалыптастыруға дейін қамтиды.

Ұсынылып отырған оқу құралының материалдары жалпы көлемі: 20 сағат лекция; 10 сағат семинар; 12 сағат практикалық сабаққа, 16 сағат тыңдаушылардың аудиториядан тыс өз бетімен жұмыс істеуіне есептелген. Жағдайларға байланысты осы курсты оқуға арналған сағаттар жеткен нәтижелерге байланысты қысқартылып өтуі мүмкін.

Оқу курсының құрылымы былайша ұсынылады:

- жалпы курстың тақырыптары;
- тыңдаушылармен жұмыс істеуде жұмыстың әр түрлі формалары мен түрлерін үйлестіру арқылы ерекшеліктері;
- тыңдаушыларға арналған аудиториядан тыс істелінетін жұмыс-тапсырмалар комплексі және олардың нәтижелерін аудиториялық жұмыста қолдану.
- ұстаздың кәсіби дайындығына жалпы теориялық сипаттама тыңдаушылармен істелген жұмыс нәтижелілігін тексеруге дейін бағдар.

Сонымен қатар оқытушылар мен мұғалімдерді қосымша кәсіби даярлаудың қажеттілігі пайда болды. Осы мақсатпен алғашқы рет докторант А.Молдажановамен бірлесіп «Оқытудың жалпы әдістемесінің теориясы» курсы жасалынды, ол «Дидактика» және жеке әдістемелер аралығында орын тапты. Сондықтан қосымшада мектепте және жоғары оқу орнында әдістемелік курстарда қолдануға мүмкін болатын оқу курсының толық бағдарламасы берілген.

## ОҚУ ҚҰРАЛЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқу құралының мәтіні әрбір тақырыпқа өзекті сұрақтар бастайтын көрсету негізінде құрастырылған, оларды лекцияларда қарастыра отырып, оған байланысты тақырыппен бірнеше сөйкес лекциядан кейін жүргізілетін семинар немесе практикалық сабақтарды ұйымдастыру қажеттілігі көрсетілген. Автор оқу құралының көлемін көбейтпеу үшін мысалдар келтірмейді, оның ойынша мектепте немесе жоғары оқу орындарында істеген жұмыс тәжірибесі бар қандай да болмасын лекторда ондай мысалдар мол, тек аудиторияға сөйкес келетін нақтылы тақырыпқа байланысты сол мысалды таңдап алу қажет.

Жалпы барлық циклдың жұмысы үшін сабақтарды бір тақырып бойынша бірінен соң бірі лекция, семинар және практикалық сабақтар деп жоспарлаған тиімді, дегенмен, басқаша да, алдымен барлық лекцияларды оқып алып, содан кейін семинар және практикалық сабақтарды жүргізуге болады. Егер өз тәжірибесіне сүйене отырып, екінші ұсынылған вариант тыңдаушылардың қабылдауына күрделі де және жалықтырып шаршады деп ұйғарады.

Кейбір семинар сабақтарын коллективтік танымдық іс-әрекет түрінде жүргізудің мәні зор. Мысалы, 2 сабақ педагогикалық процестің заңдылықтары бойынша семинарды осылайша жүргізуге болады. Тыңдаушылар тобы микротоптарға бөлінеді; олардың әрбірісі өз заңдылықтары бойынша қажетті әдебиеттерді оқып оны нақтылы жағдайларда жүзеге асыруды қарастырады және егер ұстаз бұлай қабылдасамаса мүмкін болатын педагогикалық зиян да ескеріледі. Сабақ соңында ұстаз педагогикалық процесс заңдылықтарының объективтік сипаты және олардың ұстаздардың кәсіби іс-әрекеттеріндегі практикалық маңызы туралы қортынды жасайды. Дегенмен е бұны студенттерді қатысуымен де жасауға болар еді. Көп жылдық тәжірибенің көрсетуінше, жоғары курс студенттерінің қорытынды жасауға толығымен шамалары келеді, ал магистранттар, аспиранттар мен мектеп мұғалімдері үшін бұл оңай шаруа.

Алдын ала немесе басқаша жалпы қабылдаған атау бойынша студенттер мен магистранттарға курспен жұмыс істеудің алдында берілетін алға шығу тапсырмалары тыңдаушылардың педагогикалық тәжірибелеріне байланысты сондай материалдар

болады. Алдымен тыңдаушылар педагогикалық жағдаяттармен ғылыми әдебиеттерде баяндалумен танысады. Содан кейін бұндай жұмыс өз бетімен үйде орындалады, бірақ ол ұстаз тарапынан берілген нұсқаулары белгілі бір шамаға байланысты болады. Жағдаяттарды модельдеу алдымен аудиторияда (жұмыстың алгоритмін) шешімі дұрыс жағдаяттарды талдау мысалы негізінде қарастырған жөн. Содан соң тыңдаушылардан микрооттар құрастырылады, олардың әрқайсысы алдын ала тапсырылған берілген педагогикалық нәтиже мен жағдаяттарды қарастырып ұсынады.

### Лекциялардың тақырыптық жоспары

#### «Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы»

№ п/п	Т А Қ Ы Р Ы П Т А Р	САҒАТ САНЫ
I	Бірінші модуль. БШП теориясының және оның технологиясының негізгі қағидаларына сипаттама	
1.	Біртұтас педагогикалық процестің мәні, заңдары, қозғаушы күштері	2
2.	Біртұтас педагогикалық процесс жеке тұлға тұтастығының көрінісі	2
3.	Өндірістің қазіргі заман технологиялары кәсіби іс-әрекеттер объектісіне бағытаушылықтың көрінісі ретінде	2
II.	Екінші модуль. Ұстаздың іс-әрекетіндегі педагогикалық технологиялар	
4.	Біртұтас педагогикалық процестің қызмет атқаруындағы іс-әрекет пен қатынас бірлігінің рөлі	2
5.	Оқушылар іс - әрекеттері біртұтас педагогикалық процестегі ұстаздардың басқару объектісі ретінде	2
6.	Ұстаздардың біртұтас педагогикалық процесте басқару міндеттерін қабылдаудағы мәліметтердің ерекшеліктері	2
III	Үшінші модуль. Біртұтас педагогикалық процесте ұстаздың іс-әрекеті даму үстіндегі шығармашылық ретінде	
7.	Ұстаздың біртұтас педагогикалық процестегі модельдеу қызметі.	2
8.	Педагогикалық жобалау жоғары оқу орнындағы оқытудың инновациялық әдісі	
9.	Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың тиімділігін арттырудағы ұстаздың өзін-өзі талдауының ролі	2
10	Ұстаздың шығармашылық лабораториясы	2
	Барлығы	20с.

**«Біртұтас педагогикалық процестің теориясы мен технологиясы» атты арнаулы курстың семинар сабақтарының<sup>1</sup> тақырыптары**

р/қ	ТАҚЫРЫПТАР	САҒАТ САНЫ
1.	Біртұтас педагогикалық процесс заңдылықтарының ұстаздың практикалық іс - әрекетіндегі ролі	2
2.	Жеке тұлғаның қатынастары мен адамгершілік – ерік аймақтарының қалыптасуына біртұтас педагогикалық процеске қатысушылардың өзара әрекетінің ықпалы	2
3.	Ұйымдастыру формалар біртұтас педагогикалық процеске қатысушылардың қатынастарын жүзеге асырудың құралдары	2
4.	Педагогикалық міндеттерді қалыптастыруға және оларды шешу үшін іс-әрекетті жоспарлауға мәліметтерді іріктеу	2
5.	Ұстаз бен оқушылар іс - әрекеттерін модельдеу мен жұмысын жоспарлаудағы біртұтас педагогикалық процестің жағдайы туралы білім мен оның негізгі сипаттарының ролі	2
	Барлығы	10 с.

**«Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы» атты арнаулы курстың практикалық сабақтарының тақырыптары<sup>2</sup>**

№ п/п	ТАҚЫРЫПТАР	САҒАТ САНЫ
1.	Біртұтас педагогикалық процестің қозғаушы күштері (педагогикалық жағдаяттарды талдау әдістемесі)	2
2.	Іс-әрекет субъектілері және олардың біртұтас педагогикалық процеске қызметтері	2
3.	Біртұтас педагогикалық процеске қатысушылардың өзара әрекеттерін ұйымдастыруға арналған жұмыстардың әр түрлі формаларын қолданудың жобаларын (сценарийлерін) қорғау	2
4.	Ұстаздың іс-әрекетінде басқару шешімдері мен кәсіби міндеттердің өзара байланыстылығы	2
5.	Ұстаздың практикалық іс - әрекетінде модельдеу әдістемесі	2
6.	Ұстазды кәсіби даярлаудағы және оның іс-әрекетіндегі педагогикалық жобалау әдісі	2
	Барлығы	12 с.

1. Семинарлар: 1-ші семинар екінші лекциядан кейін, 2 –ші семинар үшінші лекциядан соң, 3 -ші семинар, төртіншіден кейін, 4 -ші, алтыншы лекциядан соң, 5-ші, жетінші тақырыптан соң. Практикалық сабақтар: 1 -ші практикалық сабақ , бірінші семинарлардан кейін, 2-шісі,



екінші семинардан соң, 3 -шісі үшінші семинардан кейін, 4 -ші, төртінші семинардан кейін, 5 -ші, бесінші семинардан кейін жүргізіледі.

**«Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы» атты арнаулы курстың жұмыс жоспар – графигі**

№ п/п	Тақырыптар	Лекция	Семинар	Практикалық сабақ	Консультация
1.	Біртұтас педагогикалық процестің заңдары, оның қозғаушы күштері	2			2*
2.	Біртұтас педагогикалық процесс педагогикалық процеске қатысушылардың іс-әрекеттері барысында қалыптасатын, жеке тұлға тұтастығының көрінісі	2	2	2	2**
3.	Өндірістің қазіргі замандағы технологиялары кәсіби іс-әрекеттер нысанасына бағыттаушылықтың көрінісі ретінде	2	2	2	
4.	Іс - әрекет пен қатынас бірлігінің біртұтас педагогикалық процестің қызмет атқаруындағы ролі	2	2	2	
5.	Оқушылар іс - әрекеттері біртұтас педагогикалық процестегі ұстаздардың басқару объектісі ретінде. Басқару қатынастар	2			2***
6.	БПШте ұстаздың басқарушы шешімдердің қабылдаудағы мәліметтердің ерекшеліктері	2	2	2	
7.	Біртұтас педагогикалық процестегі ұстаздың модельдеу қызметі	2	2	2	
8.	Педагогикалық жобалау ЖОО оқытудың инновациялық әдісі	2			
9.	Өзін талдаудың біртұтас педагогикалық процесті	2			2****

	жүзеге асырудың тиімділігін артырудағы ролі				
10	Ұстаздың шығармашылық лабораториясы				

Ескертпе: \* - бірінші консультация тындаушыларды материалдың ауқымымен өз бетімен істейтін жұмыстың әдістемесі мен тапсырмаларымен тапсыруға бағыталған; екінші \*\* - практикалық сабаққа дайындыққа; \*\*\* - іскер ойынмен драматизацияға дайындыққа; \*\*\*\* - қорытынды сабаққа дайындық әдістемесіне арналған.

## **ТАҚЫРЫПТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

### **1-МОДУЛЬ. БІРҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫНА СИПАТТАМА**


#### **БІРІНШІ ТАҚЫРЫП. БІРҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МӘНІ, ЗАҒДАРЫ ЖӘНЕ, ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ**

Тақырыппен жұмыс істеу барысында «педагогикалық процесс» ұғымын мұғалім іс-әрекеті объектісі ретінде анықтау ұйғарылды. Мұғалім іс-әрекетінің сапасының мәніне көзқарасы қайта қарау қажеттілігі әлеуметтік – өзгерістерден туғанын білуіміз керек. Мысалы, мыңдаған жылдар бойы мектеп практикасы өсіп келе жатқан адамға ұйымдастырылған ықпал ету процесі барысында ырыққа көшу даярлығы, күнделікті тәртіптердің тұрақтылығына (өзгерістеріндегі) шүбәсіз сенімділікті қалыптастыру негізінде жасалды. Бұл тұлғаның роліне деген көзқарас К. Маркстің мұқият талдауына түсті. Ол мүлде қарама-қарсы анықтаманы негіздейді – адам жағдайларды қалай жасаса, жағдайларда адамды солай жасайды. Бұл тұлғаның ролі туралы жаңа көзқарас іс-әрекеттің өсіп келе жатқан адамды өмірге дайындаудың өлшемі ретінде тұрақтана бастайды.

Бала белсенділігі туралы XVI–XVIII ғасырлардағы негізделген алғашқы әрекеттер (Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо) және бұл позицияларды А. Дистервегтің, К.Д. Ушинскийдің және XIX ғасырдың басқа да прогрессивті ұстаздардың еңбектерінде қолдау табуы оның белсенділік мәнін методологиялық бағалаудың физиологиялық және психологиялық (И.В. Сеченов, В.М.

Бехтерев, И.П. Павлов, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А. Леонтьев) деңгейінде орістетті. Осы зерттеулердің нәтижесінде тұлғаның белсенділігі оның табиғи жаратылысы жағдайы, сонымен бірге, тұлға іс - әрекет барысында қалыптасады, іс - әрекет қандай болса, тұлға да сондай болады деген қойртындылар жасалды. Аса көңіл аударалық бір жағдай – бұл қойртындылар педагогикалық процестің мәнін туралы мәселені қайта қарау, қазіргі дүние тәрбиенің мақсатымен теориялық жан-жақты дамыған қоғамның жасампаз творчестволық іс-әрекеттеріне белсенді қатынастын тұлғаны қалыптастыратын толық деңгейінде үйлесімді.

Сонымен, егер тұлғаның белсенділігі – оның дамуының қажетті шарты болса, онда мұғалім іс-әрекетінің нысанасы – бала болады деген түсініктен бас тарту керек, себебі педагогикалық процестің екі белсенді жақтары – мұғалім мен оқушылар ұжымы болуы керек (себебі тұлға қоғамдық мәнді іс-әрекетте пайда болатын ұжымда қалыптасады) (1-сурет).



1-сурет. Педагогикалық процесс жүйе қызметі ретінде

Жоғарыда айтылғандардың негізінде педагогикалық процесті өткен ұрпақтың жинаған барлық мәдени байлығын меңгеру үшін балалардың өзара әрекеттерінің мақсаты бағытталған процесі, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы ретінде түсіну керек және бұл процесс ұстаздың басшылығымен, ұстазбен, тәрбиешінің тікелей қатысуымен жүзеге асады.

Ұсынылған «педагогикалық процесс» ұғымының анықтамасы, біріншіден мазмұны жағынан өзінде оқу және сонымен бірге оқушылардың оқудан тыс іс-әрекеттерін де қамтиды; екіншіден, процестің өзінің екі жақтылық қасиетін көрсетеді (мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттері, 1-суретке қараңыз); үшіншіден, мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынастарының

күрделілік қасиетін дәлелдейді. Яғни, оқушылар мен ұстаздарда педагогикалық процесте бірдей нысаналар ретінде және ықпалдың субъектісі — объектісі ретінде және іс-әрекеттің субъектісі ретінде көрінеді.

Ұсынылып отырған педагогикалық процестің анықтамасынан мұғалім өзінің практикалық іс-әрекетінде қолданатын, бірақ тар ұғымдарды анықтау қажеттілігі көрінді. Мысалы, «оқыту» — педагогикалық процестің бір бөлігі онда өсіп келе жатқан ұрпақтың тұлғасын қалыптастыру міндеттері оқушылардың білімдер негізін меңгерудегі танымдық әрекеттерін мұғалімдердің ұйымдастыруы арқылы шешіледі; «оқыту формалары» — мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өзара әрекеттерін қамтамасыз ету арқылы шешіледі.

Әлеуметтік жүйелерде, ал «ұстаздар-оқушылар» жүйесі өзінің мәнінде дәл сондай, жүйелеуші фактор болып — мақсат табылады. Педагогикалық процесс мақсатының өзгешелігі, ол келесінде, бұл мақсат шынғында барлық тура (ұстаздар, оқушылар) және жанама (ата-аналар) қатысушыларының мақсаты — ол әлеуметтік тәжірибені меңгеру барысында өсіп келе жатқан адамның тұлғасын қалыптастыру. Дәл осы педагогикалық процесс субъектілерінің барлығы үшін ынтымақтастық (бірлескен еңбек күш алу) және өзара әрекеттесу (өзара әрекеттер) қажеттілігін тудырады.


Мақсаттың бірлігі барлық қатысушылардың қызметтеріндегі айырмашылықтарды жоққа шығармайды, болжайды. Мұғалім оқушыларды іс-әрекет элементтеріне (педагогикалық процестің компоненттеріне) оқыту арқылы оларға іс-әрекет субъектілері болуға көмектеседі. Оқушылар іс-әрекет элементтерін игере отырып, материалмен жұмыс жасау әдістерін игереді. Ата-аналар, мұғалімнің қойған міндеттерін шешуге көмектесу үшін, өзінің балаларына қажетті жағдай жасауға жәрдемдеседі (2-сурет).

Әлеуметтік синергетика әлеуметтік жүйелердің тұрақтылығы жайында ғылым тұрғысынан тұлғаның даму және өзін іс жүзінде көрсетуі үшін қаншама жағымда орынды болса, сонша педагогикалық процесс өзін-өзі ұйымдастыра және өзін өзі реттей алады. Жағдайлардың бірігуін де бұзылуы жағымсыз нәтижеге әкеліп соқтырады.

Егер тұтастай педагогикалық процестің бөлшектерін олардың негізгі белгілері бойынша топтастырса, сонда шамалы дербес құрамдас бөліктерді көруге болады — іс-әрекет субъектілері: (ұстаздар, оқушылар, ата-аналар), әлеуметтік тапсырыс: мақсаттар, міндеттер, мазмұн және іс-әрекет түрлері; құралдар, формалар,


әдіс-тәсілдер, осылар арқылы педагогикалық процестің қозғалысы (қозғаушы тетіктері) қамтылады.

Педагогтар ұжымы



2-сурет. Мақсаттың бірлігі педагогикалық процестің тұрақтылығының негізі

Осы үш блоктардың өзгешеліктері қандай? (3 суретті қараңыз).



3-сурет. Педагогикалық процесс блогының өзара байланысы

Педагогикалық процесс субъектілерінің құрамы нақты мұғалімнен тәуелді жинақталады. Бірақ та психологиялық-педагогикалық білімдер мұғалімге ынтымақтастық және өзара әрекетті жөнге салу үшін қажетті әдістерді табуға көмектеседі. «Әлеуметтік тапсырыс» блогы мұғалімнен тағы да тәуелді, өйткені оның құрамы білім үшін жалпы және соның ішінде пәндер бойынша стандарттарда көрініс табады.

Кәсіби даярлаудың негізділігі педагогикалық іс-әрекеттің мәнін және оның объектісін ұсынудың әрбір нақты жағдайларда педагогикалық процестің тиімді дамуын қамтамасыз ететін, әсерлер жиынтығының барлығының шеберлігі (А.С.Макаренко) қаншама сауатты көрсетілгенін сипаттайды.

Жеке бөлшектерің ерекшеліктерін салыстыру олардың нақты мұғалімнің іс-әрекетінде, жұмыс нәтижесінде, педагогикалық процесті жүзеге асыру мүмкіншіліктеріндегі көрінісінің сипатын көруге мүмкіндік береді. «Әлеуметтік тапсырыс» блогы мәнін терең түсінусіз мұғалім оның басқа педагогикалық процестің қозғаушы тетік блогымен байланысын шалағай жүзеге асыру жағдайда формальды болуы мүмкін. Егерде мұғалім қозғаушы тетіктердің барлық құрамдас бөліктерін игере алмаса, онда ол оқушылардың нақты материалды меңгеру барысында қойылған міндеттерді шешу жұмысын ұйымдастыра алмайды. Одан гөрі, білуге қажетті материалдың мазмұнын оқушылар формальды меңгереді, тәрбиелік нәтижесіз және болжаған дамусыз.

Педагогикалық процесс — мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеттермен алмасуы. Сондықтан да іс-әрекеттердің элементтері педагогикалық процесс құрылымына кіреді.

Әрбір ғылымның ең маңызды міндетінің бірі — ақиқат шындықта әрекет ететін объективті заңдарды танып-білуі болып есептеледі. Бір заттық салада теорияны және әрине, тәжірибелік міндеттер тиімді түрде шешімді, құруға тек заңдарды танып-білу ғана мүмкіншілік береді.

Ғылыми білім құбылыстарды жазып баяндау ретінде қалыптасқанын, сонан соң тәжірибе негізінде эмпирикалық теориялардың қалыптасқанын және жеке заңдардың ашылғанын ғылыми ізденістер тарихында қарап көруге болады.

Тек осы заттық саланың ерекше заңдары ашылғаннан кейін қазіргі кезеңдегі ғылыми білім теориясы дамыды.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап педагогика оқулықтарында заңдар мен заңдылықтар жайында параграфтар

орын алды. Бірақ олардың біреуінде де бұл не екеніне түсінік берілмеген. Ұғымдар өз бетінше тұжырымдалған, неліктен автор осыны заң әлде заңдылық деп санайтыны түсініксіз, нені заңдарға, ал нені заңдылықтарға жатқызуға болады екені ажыратылмаған. Осының барлығы тек педагогикалық заңдар мәселесінің теориялық тұрғыдан зерттелмегенін ғана дәлелдейді. Белгілі дәрежеде бұл философтардың зерттеп дайындаған заңдар мен заңдылықтар туралы анықтамаларын есепке алмағандықпен байланысты.

Жалпы философиялық бағытта «заң – универсумның қозғалысындағы мәнді көрсету». Заң ол объективті реалды осы заттық саланың мәнін табу (біздің жағдайда – педагогикалық шындықтың). Ал таным, заңның ашылуы эмпирикалық деңгейден ғылыми білімнің теориялық деңгейіне көшуге мүмкіндік береді.

Педагогикада заңдар туралы біздің түсінігіміз, әрине, осы ғылымның пәнімен – педагогикалық процесспен байланысты.

Педагогикалық ғылымның заңдарын зерттеу, шындығында, 20 ғасырда басталды. Осында шартты түрде үш кезенді белгілеуге болады:

- 20-30-шы жылдар – философия саласындағы жалпы заңдарды педагогикалық шындыққа тура тасымалдаумен байланысты (Трахтенберг О.В., Залкинд А.Б. және т.б)
- 40-60-шы жылдар – педагогиканың заңдарын және заңдылықтарын белсенді ізденумен мазмұнды. Бірақ та мәселенің шешілуі таныс “оқыту” және “тәрбиелеу” категорияларынан басталады, ал педагогиканың ғылыми зерттеу пәні назарлардан тыс қалды (Помогайба В. И., Каменоградский И.С., Петухов Н.Н., Марьенко И.С., Барабанщиков А.В.).
- 60-80-шы жылдардың есте қаларлығы – ол жылдарда педагогиканың зерттеу пәніне айқын көзқарастың қалыптасуы (оқу-тәрбие немесе біртұтас педагогикалық процесс) (П.Э. 1965; Гмурман В.Е., Данилов М.А., Ильин В.С., Хмель Н.Д.), бұл педагогикалық заңдарды жасап шығаруда перспектива ашты.

Педагогикалық теорияны құру дәл педагогикалық заңдарды мұқият түрде жасап шығаруды талап етеді. Педагогикалық процестің өзгешелігі оның өзінің табиғатынан әлеуметті екендігі болады. Әлеуметтік жүйелер өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті тек бір жағдайда болады. Егерде әрбір индивид, осы жүйеге қатысушы үйлесімді дамуына және өзін іс жүзінде көрсетуге қажетті және жеткілікті шарттарына ие болса. Демек, педагогикалық процеске маңыздысы – индивидтің қалыптаса басталуы, олардың жеке даралығының және әлеуметтік пісіп-жетілуінің қалыптасуы.

Педагогика тәрбие туралы ғылым ретінде дамиды, сол қоғамдық қызметіне сай биологиялық мұра болмайтын, өткен ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін өсіп келе жатқан мұрагерлердің меңгеруіне байланысты. Демек, тәрбиенің мәні және оның мақсаты индивидтің, адамның барлық қоғамдық қатынастардың бірлігі ретіндегі қалыптасуы болады. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі барысында қалыптасатын қоғамдық болмыстың барлық жақтарымен қатынастары.

Осыдан педагогикалық процестің мынадай заңдары болуы мүмкін:

- бала өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибелерінің мұрагері тек өзінің белсенді шығармашылық іс-әрекетінің арқасында ғана бола алады;
- индивидтің өзін іс жүзінде көрсете алатын және өз орнын таба алуға дайын белгілі бір әлеуметтік-азаматтық дәрежесі бар (барлық қоғамдық қатынастардың бірлігі) тұлға ретінде дамуы, әлеуметтік процесі барысында, әлеуметтік белсенділік кеңістігінің бірте-бірте кеңеюі барысында жүзеге асады;
- ұстаздар мен оқушыларды біріктіретін ұйымдастырылған бірлесіп бөлінген іс-әрекеттері педагогикалық процеске қатысушылардың әрбірін және барлығын жетістіктермен қамтамасыз етеді.

Педагогикалық процестің заңдары – оның мәндік ерекшеліктері, демек, ол – тұтастықта да және бөліктерде де өзін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде кәсіби іс-әрекет табысты нәтижелерімен бағаланады. Ал бұл білім беру саласында ерекше маңызды, өйткені бұл жерде табысты нәтиже – ол орын тапқан тұлға. Егерде білім беру саласында табысты нәтижелер болса, онда қоғам өмірінің барлық басқа салалары, кәсіби іс-әрекеті түрлерінің әр түрлілігі жағымды өзгерістерге мүмкіншілік табады.

XX ғасырда бірте-бірте үдей түскен, білім берудің дағдарысы, 60-шы жылдарда анық білінді. Бірақ әр түрлі елдерде жасаған реформалау әрекеттері, шындығында, ең бастысын қозғамаған: білім алу процесі мен нәтижесі ретінде анықталған білім берудің парадигмасы бұрынғыдай болып қала берді. Сондықтан кездейсоқ емес 90-шы жылдарда ЮНЕСКО –ның бас конференциясының XX сессиясы болып өткенде бүкіл дүниеде білім беру рөлінің қазіргі кезеңдегі концепциясы қабылданды, оған білім берудің жаңа парадигмасы сай келеді: білім беру деп – әлеуметтік пісіп-жетілумен



**жеке даралық өсуге жеткен тұлғаның қабілеттерін және мінез-құлқын толық жетілдіру процесін және нәтижесін түсіну керек.**

Білім беруде алғашқы рет тұлғаның мүдделері бірінші орынға қойылды. Осы түсінікте болмыстың ең маңызды, материалистік диалектикада ашылған, өзгешелігі бейнеленген – заттандыру мен затсыздандыру. Білім беру жүйесінде ұстаз ғылыми білімді жинаған әдіс-тәсілдерді айқындайды деген сөз. Оқыту процесі барысында оқушылар бұл әдістерді игеру арқылы меңгеріліп жатқан оқу пәнін игерді. Дәл осылай (іс-әрекет әдістерін меңгеріп алу) болғандықтан оқушылардың тұлғасының өзгерілуі болады (заттандыру). Шындығында, дәл осымен жеке адам тұрғысына бағытталған білім берудің қажеттілігі белгіленді. Яғни, оқушы нені істей алады, оқыту процесі барысында қандай болады екендігіне ерекше назар аудару. Тек сонда ғана оқушылар адамзаттың (этностың, аймақтың, жанұяның, мамандықтың) мәдениетін меңгеруі және олардың қоғамдық кәсіби іс-әрекетте дамуы туралы айтуға болады.

Яғни, педагогикалық заңдар білім берудің сапасының мәнін түсінуде перспектива ашады – ол социумде өзін іс жүзінде көрсете алуға дайын оқушылардың тұлғасын жасау. Бірақ біртұтас педагогикалық процестің теориясы мен оның заңдарын меңгермейінше, ұстаз ең бастыға қатыссыз жеке бөліктерге шоғырлануы мүмкін. Педагогикалық заңдарды білу ұстазға практикалық жұмысты нақты мақсатқа яғни, түпкі нәтижеге анық бағыттарды белгілеп құруға мүмкіншілік береді.

Демек, ұстаз біртұтас педагогикалық процестің ерекшеліктері және заңдары туралы білімге ие болса, онда ол іс-әрекет ұйымдастыру арқылы оқушылар түрлі іс-әрекеттер және қарым - қатынастың жаңа әрі өте күрделі әдістерін меңгеруіне жетуге болады (4-суретті қараңыз).

Тұлға іс-әрекет барысында қалыптасады. Ал индивидтің табысты іс-әрекеті тұлғаның өзгеруіне, даралығының дамуына әкеледі, өйткені қазіргі кезеңдегі білім беру парадигмасы – оқу, оқудан тыс іс-әрекетпен қатар, адам мәнінің күшін дамытудың құралы екенін дәлелдейді.

**Тұтас педагогикалық процесс теориясы – педагогтар мен оқушылардың оқу және оқудан тыс әрекетінің бірлігін іске асырудың негізі**



**4-сурет. Педагогтар мен оқушылардың практикалық әрекетінің теориялық негізі**

Абай атындағы ҚазҰПУ  
**КІТАПХАНАСЫ**  
 БИБЛИОТЕКА  
 ҚазНПУ имени Абая  
 Инв. №

Педагогикалық процестің мәнін түсіну үшін оның барлық компоненттерінің құрлымын оған қатысушыларды ғана емес, олардың іс-әрекеттерінің элементтерін көрсететін ұстаздар, оқушылар, ата-аналар, мақсат-міндеттер, мазмұн, құрал, формалар, әдістер, тәсілдер және тапсырма, сонымен олардың әрқайсысының ерекшеліктерін ұғыну керектігін білген жөн. Бұл нақтылы педагогикалық процес – тап олардың өз арасында объективті өмір сүретін ішкі байланысын, яғни оның заңдылықтарын бекітуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық процес бөліктерінің өзара байланысына талдау жасаудың маңыздылығы – мұғалімнің практикалық жұмысының тиімділігін арттыру саласында ғана емес, оның алдын ала жоспарланған нәтижелер алу үшін мектептің жақсы тәжірибесін модельдеуде белгілі маңызы бар. Бұл педагогикалық процестің компоненттерінің өзара әрекеттерін біртұтас жүйе ретінде қарастырылған жағдайда ғана мүмкін болады.

Заңдылықтар педагогикалық процестегі реттелген өзгерістер немен байланысты екендігін, құбылыстардың бөліктері, элементтер (компоненттердің) процесінің қалайша өзара байланысқаны туралы түсінік береді.

Заңдылықтардың үздіксіз жаңарып, үздіксіз қайталану тенденциясы болады. Бұдан заңдылықтар деген сөз туады. Заңдылықтар дегеніміз – жүйелердің өз ішіндегі және жоғары сатыдағы жүйелермен байланыстарын көрсету.

Заңдылықтарды білу – біріншіден, практикалық іс-әрекетте тиімді нәтижелер алуға, екіншіден, педагогикалық процестің моделін жасауға мүмкіндік береді, ал ол нақтылы педагогикалық процестің жақсы және жаман жақтарын талдауға және сонымен бірге жақсы тәжірибенің дамуын модельдеуге негіз болады.


Педагогикалық процестің заңдылықтарын зерттеу өткен ғасырдың 20-шы жылдарында басталған болатын. Бірінші болып оларға тұжырымдама берген М.А. Данилов болды. Ол барлық педагогикалық процестің заңдылықтары ішінен ең маңыздысы ретінде екеуін: педагогикалық процестің мақсаттылығы және ондағы оқушының позициясына бағыттылығын баса көрсетеді. Сонымен бірге М.А. Данилов педагогикалық процесте көптеген факторлардың ықпалы ұдайы байқалатындығы, және олардың жағдайлар мен уақыттардың алмасуымен байланысты өзгеріп тұратындығына назар аударады. Біз осы жағдайдың дәл өзі педагогикалық процесті және оның заңдылықтарын мұқият зерттеу

қажеттілігін көрсетеді. Ал бұл оның құрамын көрсетуге негіз болады деп есептейміз.

- педагогикалық процестің қоғамның әлеуметтік-экономикалық талаптарына үйлесімділігі;
- педагогикалық процестің белгілі бір мақсатқа бағыттылығы;
- екі жақтылық педагогикалық процестің ерекшелігі ұстаздар мен оқушылардың, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің, мұғаліммен оқушылардың міндетті түрде екі жақтың іс-әрекеттері барысындағы өзара әрекеттерімен байланысты;
- оқушылардың мұқият түрде ойланып және ұйымдастырған іс-әрекетінің нәтижесі олардың педагогикалық процестегі белсенділігі болады;
- педагогикалық процестің тиімділігі – жас ерекшеліктері мен оқушылар және оның жеке мүшелерінің даму деңгейіне сәйкестігіне байланысты;
- мектеп педагогикалық процесінде оқушылардың жасына байланысты ұжымның жеке тұлғаға ықпалы күшейеді ;
- мұқият ұйымдастырылған оқушылардың өзара әрекеті педагогикалық процестің тиімділігін арттырудың шарты;
- педагогикалық процестің компоненттерінің бір-біріне деген қатысының маңыздылығы бірдей емес, олардың белгілі бір бірізді бағыншылығы болады (мақсаттан міндеттерге, мазмұнға, құралдарға, формаға, әдіс пен тәсілдерге; ұстаздан – оқушыларға және ата – аналарға;)
- бір-біріне деген педагогикалық процестің компоненттерінің күрделі өзара әрекеттері және әрбір қазіргі қас қағым сәттің қызметі уақытында бір ғана көрсеткіштер ғана емес олардың жиындықтарын, факторларын есептеу керектігі ескеріледі;
- педагогикалық процесс бір ғана қас қағымдық сәттік емес қызмет істеу уақыты жағынан ұзақ процесс.

Әрбір заңдылықтардың ерекшеліктерін оқу барысында мынаны ескеру керек олардың бірқатары педагогикалық процестің әлеуметтілігін қамтамасыз ету ерекшелігін көрсетеді және біртұтас педагогикалық процесте қалыптасушы тұлғаға қойылатын талапқа және осы талаптардан мақсат, міндеттер және мазмұнға әсерін тигізеді. Заңдылықтардың басқа бір бөлігі оны ұйымдастыру мен басқарудың ерекшеліктеріне бағытталған, үшіншілері – белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы орта педагогикалық процестің ерекшеліктерін айқындайды. Сондықтан егер педагогикалық процесс еріксіз заңдылықтарын бір немесе басқасын бұзып ұйымдастырылса, онда ол міндетті түрде сапаның жағдайына әкеледі. Өз іс-әрекетінің нысанасына – педагогикалық процестің

ерекшеліктерін меңгеру мұғалімге өз жұмысын міндетті түрде ғылыми негізде жасауға мүмкіндік береді, педагогикалық процестің дамуын болжауға және жоспарланған нәтижеге жету, яғни ол өз еңбегінің технологиясын басқару заңдарына бағындыруға мүмкіндік береді. Көрсетілген заңдылықтар педагогикалық процестің, графикалық моделін жасауға мүмкіндік береді, соның көмегімен оның ерекшеліктерін талдауға болады (5 - суретті қараңыз).



5-сурет. Педагогикалық процестің құрылымы

Компоненттердің өзара байланысын көрсететін педагогикалық процестің құрылымы және оның заңдылықтары біртұтас педагогикалық процестегі біртұтастық мақсат пен нәтиженің бірлігі «ұстаз-оқушылар жүйесінің ішіндегі әрекеттер деңгейдегі реттігі оқушыларды өзара әрекеттері арқылы анықталады деп есептеуге мүмкіндік береді. Демек, бұл бірлік бейнеленетін негізгі интегративтік қасиет деп, әртүрліліктің бірлігін есептеуге болады, онда субъектінің қайта құру белсенділігімен тұлғаның қалыптасуына өзара қиылыстағы қосымша жүйелердің ықпалы анықталады, ал бұндай тек ұстаз ғана емес, сонымен бірге әрбір оқушы болуы керек.

Нысананың сапасы оның қасиеттерінен көрінеді, онсыз педагогикалық процесс өзінің ерекшелігінен айырылады:

- белсенділік пен қатынастың бірлігі процеске қатынастың барлық субъектілердің бірлескен іс-әрекеттерін анықтайды;
- әр түрлі реттегі қосалқы жүйелердің қызметін функциональды мамандандыру;
- субъектілердің өзара әрекеттері мәліметтерінде пайда болатын әр түрлі қатынастардың жиынтығы;

Интегративтік сапа мен оның қасиеттері, негізінен, алдын ала оның қызмет етуінің жағдайын анықтайды. Егер әдемі ұйымдастырылған іс-әрекет субъектілердің өзара әрекеті болса, онда педагогикалық процесс өзін біртұтастық ретінде көрсетуі мүмкін. Яғни, субъектілердің өзара әрекеттері мен ынтымақтастығы – педагогикалық процестің атрибутивтік қасиеті болады.

Ұстаз үшін өз іс-әрекетінің объектісі болатын педагогикалық процестің ерекшеліктерін өз бетімен түсіну өте оңай емес екендігіне жұмыс практикасы біздің көзімізді жеткізіп отыр. Демек, біртұтас педагогикалық процестің ерекшеліктерімен қатар оны практикалық әрекет барысында жүзеге асырудың технологиясында меңгерілетін арнаулы дайындық керек.

Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру – процестің мәнін ұстаздар мен оқушылардың арасындағы іс-әрекеттермен алмасу ретінде ғана емес, сонымен бірге процесс деген ұғымды қандай да болмасын құбылыс секілді даму үстінде болады деп түсінеміз. Дамудың қозғаушы күштері – пайда болатын және жеңуге болатын (шепшелетін) қарама-қайшылықтар болады. Педагогикалық процестің қозғаушы күштерін білу, пайда болып келе жатқан қайшылықтарды (субъективті пайда болатын қиыншылықтар ретінде анықталатын) таба білу біліктеріне сүйене отырып және

оларды әрекетке келтіріп жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, сонымен ол бұл құбылыстың өзінің нақты дамуына әсерін тигізеді.

А.С.Макаренко педагогикалық процестің қарама-қайшылығын, диалектикалығын көрсеткен болатын. Н.К. Крупская еңбектерінде оқушылар іс-әрекеттерін ұйымдастыруда диалектикалық тәсілдің керек екендігін жазғанда дәл осыны айтады.

Әрине, педагогикалық процестің қозғалысын оның дамуын түсіну – тек қана оған тән сол қайшылықтарды шешкенде түсінікті болады. Педагогикалық процеске «ұстаздар–оқушылар» жүйе жағдайының алмасуы ретінде өз табысты болмысында әлеуметтік болады. Сондықтан да біртұтас педагогикалық процеске тән қарама-қайшылықтардың үш тобы қалыптасады: 1) тұлға дамуының қарама-қайшылығы; 2) ұжымды қалыптастыру қайшылықтары; 3) іс-әрекеттерді ұйымдастырудың қарама-қайшылықтары. Біртұтас педагогикалық процесс тұлға мен қоғамның мүддесіне сай жасалып жүзеге асатындықтан, ол тұлғалық бағытталған сипат алады. Демек, тұлға дамуының қарама-қайшылықтар тобы ең өзекті, жетекші болады. Біз, тек соларды қарастырамыз.

Тұлға дамуының қозғаушы күштері (оның ішкі қарама - қайшылықтарын) ретінде психологтар мыналарды есептейді:

- жаңа мүдделер, талаптар, мазмұндар, ұмтылыстар мен тұлғаның даму мүмкіншілігінің жеткен деңгейі;
- жаңа танымдық практикалық міндеттер және бұрын қалыптасқан ойлау тәсілдері арасындағы;
- тұлғаның дамуындағы жеткен деңгейімен оның өмір сүру қалпы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі оның алатын орны, істейтін қызметтері арасындағы;
- жақсы жетістіктерге ұмтылыс пен қиындықтарды жеңіп шығуға қорқу арасындағы;
- дербестікке ұмтылушылық және жеке тәжірибенің жеткілікті негіздігі арасындағы;
- интегративтікке, стереотиптікке, тұрақтылық тенденциясы және ширақтылыққа, құбылмалық, өзгергіштікке ұмтылушылық арасындағы;
- тұлға әрекетінің еркіндігі және қоғамдық қажетті іс - әрекеттер арасындағы.

Ұстаздың бір қарағанда таза теориялық материалды меңгеруі, педагогикалық әрекеттің бағдарламасын сауатты жасау бірлігімен тікелей байланысын (яғни қайшылықтарды жеңу – Г.С. Костюк) баса көтеру маңызды. Соған байланысты мұғалімнің педагогикалық

процестегі қарама - қайшылықтардың ролін білмеу және ол осы процесті дұрыс басқара алмауына әкеледі, қоғамның талаптары мен тұлғаның ұмтылыс арасында өте айқын жүйе айырмасы пайда болады, бұндай жағдайлар көбінесе дау жанжал ситуациясына әкеледі.

Көптеген ғалымдардың (М.А. Данилов, Г.И. Шукина, Б.Т. Лихачев) педагогикалық процестің қозғаушы күштерін қарастыруға баса көңіл аударуы кездейсоқ емес, олар педагогикалық процестің диалектикалық мәселелерін әр түрлі аспектіде қарастырады.

Б.Т.Лихачев тұлға дамуының қайшылықтарына оны педагогикалық процестің тек қана жағдайлары ғана емес, оның дамуының қозғаушы күштері деп есептей отырып сипаттама береді. Ал, бұл ұстаз жұмыс істейтін балаларға да олардың субъективті түрде шешілетін қиыншылықтар ретінде қабылдайтын қарама - қайшылықтар белгілі бір деңгейде мәлім болуы керек.

Бұл мұғалімнің басшылығымен оқушылардың мақсаттылықпен оларды жеңіп шығуын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, білімді меңгеру ықыласы және оларды меңгеру қиыншылығы арасындағы қарама-қайшылықтары тек қана егер балалар тиімді жетістіктерге жетуге керекті іс-әрекеттер тәсілдерін меңгергенде ғана шешілуі мүмкін. Бұндай жағдайда пайда болатын жақсы эмоциялар- сезімдер келесі білімдер өлшеніп меңгеру барысында саналы түрде қиыншылықтарды жеңуге ынталы болады.

Әрбір объектінің ішінде туындайтын қандай болса да қайшылық осы объектінің басқа шамалы жоғары арқылы шешіледі. Оқушы субъективті түрде шындықтар деп сезінген тұлға дамуындағы қайшылықтарды «ұстаз-оқушы» жүйелі іс-әрекет әдіс-тәсілдерін меңгеру арқылы шешуге мүмкін болады. Қайшылықтардың басқасын (тұлғалық ұжымда орын тауып қалыптасуы) «оқушы-ұстаздар» жүйесі арқылы) ұжым әлеуметтік белсенділік өрісі) және т.б. (6-суретті қараңыз).

Жоғарыда айтылған жүйелердің әрбіреуі өзінің ерекшеліктері дербес, ішкі туындайтын қайшылықтар негізінде дамитын жүйе. «Ұстаздар-оқушылар» жүйесінде кіші жүйелердің ара қайшылықтары сыртқы болады, бірақ та олар ішкілерін шешуге әсерін тигізеді. Яғни, педагогикалық процесте мұғалім қайшылықтардың бірнеше топтарымен жұмыс істейді, оның әрбіреуінде өзінің ерекшеліктері болады және ұстаздан белгіленген қайшылықтарды айырып тануда оларды шешу әдістемесінде анық шеберлікті талап етеді. Осыны “Оқушы,, микрожүйе мысалында қарастырайық. Микрожүйе, өйткені мұнда қатысушылардың саны бір адамнан көрсетілген (7-суретті қараңыз).